

## Мекеме басшыларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталықтың» 2025 жылдың 8 тамыз күнгі №235 санды шығыс хатына сәйкес Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі **2025 жылдың 3 қыркүйек күні «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам»** атты инновациялық идеялардың аудандық байқауы қашықтық форматында өтетіндігін хабарлайды.


Ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, ережесіне сәйкес болуы керек.

Осыған орай, байқау ережесіне сәйкес аудандық іс-шараға қатысатын білім алушылары туралы мәліметті а.ж. **2 қыркүйек күніне** дейін аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбекованың [abb\\_nazgulim@mail.ru](mailto:abb_nazgulim@mail.ru) электронды поштасына жіберулеріңізді сұрайды.

**Ескерту!** Байқаудың ережесі электронды пошталарыңызға жіберілді. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Қосымша: 6 бет

Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысының  
міндетін атқарушы



Б.Қ.Самылтыров

Орындаған: Н.Дархамбекова  
87028862370



«БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысының  
міндетін атқарушы  
Б.Қ.Самылтыров  
«-----» ----- 2025ж

## «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың аудандық қашықтықтан байқауын өткізу ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1. «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың аудандық байқауын өткізу ережелері (бұдан әрі – Байқау) оның мақсатын, міндеттерін ұйымдастыру форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. **Байқаудың мақсаты:** білім алушыларға ғылым мен техниканың, өнертапқыштық, зерттеу жұмыстарына тарту, талантты балаларға қолдау көрсету, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру, балаларды қосымша біліммен қамту.

### 3. Байқаудың міндеттері:

- білім алушылардың шығармашылығын танымдылығын, интеллектуалды бастамаларын белсендіру;
- білім алушылардың ғылыми-зерттеу істеріне қызығушылығын дамыту;
- техникалық шығармашылық және өнертапқыштық дарынды оқушылардың таланттарын анықтау;
- инновациялық өнертабыстар мен ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарды командамен орындаудың жаңа тәсілдері құзыреттілігін қалыптастыру;
- іс-шаралар арқылы қосымша білім алуға балалардың санын көбейтуге көмектесу.

1) Байқауды Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік Орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша **онлайн форматта** өткізеді.

2) Байқауды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділқазылар алқасының құрамын қалыптастырады, байқауды өткізеді және қорытындысын шығарады.

3) Республикалық кезеңге өткен жағдайда жобаларды қорғау ZOOM платформасында онлайн форматта жеке кесте бойынша жүзеге асырылады. Сілтемелер мен өткізу кестесі қосымша жолданатын болады.

#### **4. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

4). Байқау 4 кезеңнен: мектепшілік іріктеу, аудандық іріктеу, облыстық және республикалық кезеңдерінен тұрады. Аудандық байқау **2025 жылғы 3 қыркүйек күні сағат 10.00-де (қашықтықтан)** өткізіледі.

5). Осыған орай, аудандық байқауға жалпы орта мектептер, қосымша білім беру мекемелерінің білім алушылары қатысатынын ескере отырып, сұраныстарды қосымша берілген үлгіге сәйкес толтырып, **2025 жылғы 2 қыркүйек күніне** дейін аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбекованың [abb\\_nazgulim@mail.ru](mailto:abb_nazgulim@mail.ru) электрондық поштасына қабылданады.

**2025 жылдың 2 қыркүйектен кейін түскен**, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Мектепшілік – 2025 жылдың 2 қыркүйек күніне дейін;

Аудандық байқау -2025 жылғы 3 қыркүйек күні өткізіледі;

Екінші кезең облыстық байқау - 2025 жылдың 17 қыркүйек күні өткізіледі.

6). Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

1) Байқауға қатысуы туралы мектеп директорының қолы қойылған өтінім, Қатысушылар туралы мәліметтер (туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша толтырылған Т.А.Ж, туған жылы, сыныбы, оқу орны, үйінің мекен-жайы және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны);

2) топ жетекшісінің Т.А.Ә жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны;

3) youtube.com арнасында орналастырылған видео материалдарға сілтеме, толық мәтіндік сипаттама, 2 фотосурет. Қатысушылар мен топ жетекшісі туралы берілген ақпараттың сенімділігі мен дұрыстығына жіберуші тарап жауапты.

7) Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздар жетекшілерінің алғыс хаттары өтінімде көрсетілген электрондық поштаға жіберіледі.

8) Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Форумның ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

#### **5. Байқауға қатысушылар**

7. Байқауға аудандық білім беру ұйымдарының, жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Қатысушылардың жасы: 10-17 жас жастағы білім алушылар. Қатысушылардың жалпы саны – 8 білім алушы.

**Ескерту: қатысушылар саны номинацияда көрсетілген бала санынан аспау керек!**

#### **6. Байқауды өткізу тәртібі және шарты**

8. Балаларды бұқаралық іс-шараларға қатыстыру арқылы қосымша білім беру жүйесінде қамтылуын арттыру үшін Байқау екі кезеңде өткізіледі:

Бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік: мектепшілік, аудандық (қалалық) облыстық, қалалық.

Екінші кезең (қорытынды) – республикалық Байқау.

## 7. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі;

Әр номинацияға **1 қатысушы** қатысады:

1) **автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу саласындағы техникалық құрастыру-1 қатысушы** (автобустар, жеңіл көлік, жүк көлігі, арнайы техника, тәжірибелік модельдер және жол таңдамайтын көліктер);

Номинация бойынша [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме;

2) **өндіріс саласындағы техникалық құрастыру-1 қатысушы** (станок жабдықтары, модели различных технических объектов и экспериментальные модели); Номинация бойынша [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме;

3) **ауыл шаруашылық техникалар мен жабдықтар саласындағы техникалық құрастыру -1 қатысушы** (трактор модельдері, комбайн, тұқым сепкіш, жүк тиегіш, жүк іріктегіш, шөмеле үйетін машина, ауыл шаруашылық кешендері, тәжірибелік модельдер және т.б.); Номинация бойынша [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме;

4) **су көлік саласындағы техникалық құрастыру -1 қатысушы** (ауа жастықшалы кеме моделі, кеме, яхта, гидроплан, катер, қайық, тәжірибелік модельдер және т.б.); Номинация бойынша [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме;

5) **авиация саласындағы модельдер- авиациялық техника әзірлеу саласындағы модельдер – 1 қатысушы** (ұшақтар, тікұшақтар, пилотсыз ұшатын аппараттар, экранопландар, гидроұшақтар, амфибиялар және т.б.); Номинация бойынша [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме;

6) **космонавтика және аэрокосмос техникасы саласындағы модельдер -1 қатысушы** космос техникасын әзірлеу саласындағы жобалар және модельдер (зымыранды жүйелер, космос станциялары, спутниктер, аппараттар және т.б.), зымыран құрастыру (космос кемелері, зымырандар және ілеспелі техника). Номинация бойынша [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме;

7) **құрылыс саласындағы модельдер – 1 қатысушы** (тұрғын үй макеттері, әкімшілік ғимараттар, коттеждер, кешендер, спорттық ғимараттар, вокзалдар, порттар, аэродромдар, сауда орталықтары және т.б.); Номинация бойынша [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме;

8) **«Үздік рационализаторлық ұсыныс» жобасы – 1 қатысушы.** Осы номинацияға кәсіпорын қызметіне қатысты және еңбек, шикізат, отын энергетикасы және басқа да материалдық және қаржылық ресурстарды үнемдейтін техникалық шешімдер қатыса алады. Кәсіпорын үшін жаңа болып табылатын, нақты үнемдеу немесе өзге де пайда әкелетін қызметтік тапсырманы орындауға байланысты берілмеген басқа да ұсыныстар (ұйымдастырушылық, басқарушылық, IT шешімдер) қаралады. Номинация бойынша [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме;

**Ескерту: Легороботтарды** пайдалануға тыйым салынады. Бұл модельдер ашық микроконтроллерде, дистанциялық пульттер, мүмкіндігінше механикаландыру, электрлендірілген модельдерде орындалуы керек (42 ВТ-тан жоғары ток кернеуі тыйым салынады).

9) **Қолданыстағы модельдердің** демонстрациясын қорғау уақытының ұзақтығы -3-5 минут. Модельдерді қатысушы өз бетінше орындауы керек.

Лазерлік станокта 3 D-басып шығаруда және кесуде орындалған модельді ішінара орындауға ғана рұқсат етіледі (25%-дан аспайды). Барлық номинациялар бойынша ұсынылған модельдер іске жарамды болуы әрбір қатысушы үшін міндетті шарт болып табылады.

10. Модельді қорғауды бағалауға патенттің немесе басқа байқауда жүлделі орынның болуы әсер етпейді.

#### **8. Бағалау өлшемдері:**

-қолданыстағы модельдің сипаттамасы;

-автордың шығармашылық идеясы;

-қолданыстағы модельдің практикалық маңыздылығы;

-қолданыстағы модельдің өзектілігі;

-қолданыстағы модельдің сапасы мен функционалдығы;

-тақырыпты ашудың толықтығы.

#### **9. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

Кәсіби әділқазылар алқасы байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша Байқаудың бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының мүшелері бағалау парақтарын толтырады, байқау жұмыстарын бағалау өлшемдеріне сәйкес әрбір параметр бойынша балл қояды. Әділ қазылар алқасының шешімі соңғы және хаттамамен ресімделеді.

Әділқазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Байқауға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі. Жеңімпаздардың дипломдары, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары өтінімдегі көрсетілген электрондық пошталарға жіберіледі.

Барлық жауапты маман толтыру қажет кесте, сұраныспен бірге жіберілуі керек!!!

«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың аудандық байқауына қатысқан оқушылардың қамтылуы

Ауданы	Мектепшілік	Аудандық

(оқушының аты-жөні қажет емес, тек нақты санын жазу керек)

Ережеге қосымша

«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың аудандық байқауына қатысуға өтінім

Номинация аталуы	Жұмыстың аталуы	Youtube арнасында сілтеме	Қатысушының толық Т.А.Туған жылы (құжатқа сәйкес)	Қатысушының мекен-жайы(облыс, қала, аудан, үйі)	Білім беру ұйымы толығымен (облыс, қала, аудан), сынып	Жетекшінің Т.А.Ә.(құжатқа сәйкес), электронды пошта, телефоны
Автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу саласындағы техникалық құрастыру						
Өндіріс саласындағы техникалық						

құрастыру						
Ауыл шаруашылық техникалар мен жабдықтар саласындағы техникалық құрастыру						
Су көлік саласындағы техникалық құрастыру						
Авиация саласындағы модельдер						
Космонавтика және аэрокосмос техникасы саласындағы модельдер						
Құрылыс саласындағы модельдер						
«Үздік рационализаторлық ұсыныс» жобасы						

**Ескерту:** қатысушы мен жетекшінің аты-жөні құжат бойынша толтырылуы тиіс. Номинация бойынша [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме міндетті түрде жазылуы керек.